

Х.Дәреже

МОҢҒОЛИЯДА ҰЛТТЫҚ ИНТЕЛЛИГЕНЦИЯНЫҢ ҚАЛЫПТАСУЫ (1911–1970)

УДК:347.56.112

Тірек сөздер: *Моңғолия, интеллигент, кадр, ұлт, мұғалім, дәрігер, инженер, мектеп, университет, жоғарғы оқу орны*

Моңғол халқы тек ғана көшпенділер, малшылар болмады. Ертеден ақжазба мәдениеті, рухани еңбекпен айналысатындар да болғандығын тарих дәлелдейді. Осы жайлы академик Ш.Бира: “Моңғолия үкіметінде әскери адамдардың сыртында қатшы, жазушы, ой еңбегімен айналысатын адамдар да болды. Моңғол хағандарының ішінде де “дала интеллигенттерінің” өкілдері аз болмаған” деп жазып қалтырған.

Философи, социологи Х.Гүндсамбуу: “Моңғолия қоғамының қалыптасуы, дамуы, келешегі” атты еңбегінде: “...Моңғолияда қашаннан бері ой еңбегімен айналысатын азғана, шағын топ болған, бірақәлеуметтік топ деңгейіне жетпей ХХ ғасырдың есігін ашқан... үкіметтік, діни істерде руханилықтар өте қажет болғандықтан ой еңбегімен айналысатын адамдар пайда болып, бір тобы үкіметтік қызметке кірісіп өз тіршілігін құрса, келесі бір тобы керісінше өз еркімен рухани қызмет атқарып келген” [1.б.315.]деп жазған. Осы бір өз еркімен рухани қызмет атқарып келген адамдардың арасынан келешек интеллигенттер тобы пайда болған. Жалпысынан Б.Лигүү: “...ұлттық интеллигенттер тобы Моңғол ұлттық демократиялық республикасынан кейін феодализмнан социализмге өту дәуірінде” [2.б.4.]қалыптасқан деп көреді.

Ежелгі және орта ғасырдағы интеллигенттер, рухани қызмет атқаратындардың барлығы хағандардың сардарлары, мешіт медреседегі діндарлар, көшпенділер болумен қатар олар моңғолдыңжәне басқа халықтың тарихы, мәдениеті, тұрмыс тіршілігін зерттеп, шет елдің кітаптары, еңбектерін, тарихын, философиясын, әдебиетін жазып, аударып, оларды басқаларға насихаттап келген.

Шыңғыс хағанның кезіндегі “**хишигтэн**” (Шыңғыс әскері), Ұлықұралтайдың бос уақытындағы үкіметтің экономикасы, мемлекеттік төтенше мәселелерді шешетін “**сэцийн зөвлөл**”, (ғұламалар кеңесі)ел ішіндегі барлыққылмыс қайшылықтарды жөнге салып отыратын мемлекеттік “**дээд заргач**” (жоғары сот), моңғол хағандарынан өз иелігіндегі елдерді басқаруға қойған, сол елдердегі саяси іс қызметтерге басшылық ететін “**даргач**” (басшы), Ішкі Моңғолияның тарихшысы Сайшаалдың айтуы бойынша Хұбылайдың кезінде хағанға кеңес беріп, онымен қатар заң, жарлықтардың орындалуына бақылау қоятын, орындалу іс қызметін қадағалайтын “**хянагчид**”(бақылаушы) интеллигенттердің алғашқы бастамасыдеп көрген.

Тарихи деректер бойынша Моңғолияда осыдан 700 жыл бұрын жоғары білім беретін орын пайда

болған. Моңғолия империясының ХІІІ-ХІҮ ғасыр кезінде қуаттануының басты себебіде білім саласын негізгі мәселедеп көріп, білімді, талантты, адамдар мен үкіметті бастатып, оларға арнайы білім беріп отыруына байланысты болмақ.

Ұлы Моңғол мемлекетінен білім саласына көңіл бөлгеннің бір белгісі1233 жылы Янжин қаласында Ұлы Моңғол мемлекетініңұлдар мектебін орнатып, алғашқы моңғол 18 азаматты оқытқандығы. Хұбылай хаған жарлығымен Моңғолдың Юань империясының кезінде 1279 жылы “Моңғолияның ғалымдар академиясын” орнатқан. [3.б.3.]

Ал 1911 жылы Моңғол елінде дербестігін жариялаған нан кейін Ішкіістер министрлігінбас министрі Цэ ван Цэдэнсоном, да лам Цэрэнчимэд, Сыртқы істер министрлігінбас министрі, чин ван Ханддоржлар бастапбес министрлер кеңес құрып Богд ханға хат жолдап, 1912 жылдың басында Ішкіістер министрлігінң жанын даван, гүн, тайж олардың балалары, бауырларының мектебі, Сыртқы істер министрлігінң жанында орос тілімектебін орнатып, 1912 жылы ІІІ айдың 24-інде Сыртқы істер министрлігінң жанында жаңа заманның алғашқы мектебі 47 баламен ашылып, Моңғол еліндегі білім, мәдениет саласының тағаны тартылған. Бұл Моңғолиядағы ұлттық интеллигент дайындаудың алғашқы қадамы деп көруге болады.

Және де “...Ханддорж министрдің бастамасымен алғашқы мектепті Сыртқы істер министрлігінң жанында орнатып, он баланы Орос, Моңғол жазуы және астрономия бағытында білім беріп, мұнда оқыған балалардыОросқа жіберіп, Эрхүү, Хиагт қалаларында оқытумен қатар, ... мұғалім буриад Эрдэнэ атты адамды Моңғолияға әкеліп сабакістегені” [4.б.13.] туралы “Шинэ толь” атты журналда көрсетілген.

1918 жылы “Жарлықпен орнаған Моңғол мемлекетінің құқықтық құжатында”мектеп мәселесін жеке тармақ болдырып заңдастырған. Мұнда:

- Үкіметтік мектептерде батыс оқу жүйесіне негіздеп, төменгі, орта, жоғары үш сатылы оқыту жүйесін құру,
- Үкімет, әкімшілік құқыққорғау орнының қызметкерлерін дайындау үшін би, тәйжілердің балалары, бауырларына арнайы жеке мектеп ашу,
- Әскери, медицина, мұғалім, экономика, қыр шаруашылығы, сауда, байланыс мамандығымен азаматтарды дайындау сияқты саяси және арнайы мамандарды дайындауды заңдастырып бергендігі көрінеді.

Осы мақсатты орындау бағытында Боғда хаған “жарлық” түсіріп Боғда хағандық Моңғол мемлекетінің кезінде төменгі, орта, арнайы 60-тан астам мектеп орнатып, онда 600-дей оқушылар

оқыған, Хағандық Ресей мемлекетінің Эрхүү, Хиагт қалаларында 10-нанастам балаларды оқытқан.

Бұрынғы интеллигенттер туралы Моңғол халық республикасының XXI конференция баяндамасында: “Революция жеңген кезде Моңғолияда өте аз ғана кадрлер болды. Министрліктерде жұмыстап тұрған ұлттық кадрлердің көбі бай манаптар болды” деп белгілеген.

XX ғасырдың басында Моңғолияның интеллигенциясының барлығы лама(молла)-лардан құралып тұрды. XIX ғасырдың соңында 105 мың лама (молла) болса XX ғасырдың басында лама (молла) -лардың саны молайып 1919 жылы 150 мыңға жеткен. [5.б.64.]

1921 жылғы ұлттық демократиялық революцияның алғашқы жылдарынан-ақ ұлттық интеллигенттерді дайындау тұрғысында төменгі мақсаттарды қойған. Мұнда:

1. Ескі кадрлерді жаңа үкімет ісіне пайдалану, қайталап дайындау,
2. Еңбекші халық арасынан алдыңғы саптағы озық азаматтарды қоғамдық, мәдени, саяси ұйым салаларына тағайындап жұмыстату, дайындау
3. Ішкі, сыртқы жоғары мектептерде, арнайы оқу орындарында оқытып дайындау деген үш бағытта шешім қабылдаған. Бұл шешімдер осы өлкедегі қазақұлт өкілдеріне де бірдей қатысты болды.

Революцияның алғашқы жылдарында ұлттық интеллигенттерді дайындайтын ең негізгі жалпылама әдісі жылдамдатылған, уақытша курс, оқытулар болды. Бұл кезеңдегі дайындалғандардың көбі саяси, әкімшілік бағыттағы интеллигенттер болған. Алғашқы жылдарда ұлттық демократиялық революционерлер ұлттық интеллигенттер болды. Мұнда біз Б.Цэрэндорж, А.Амар, М.Дугаржав, С.Жамьян, Г.Навааннамжил, Л.Дэндэв, Ө.Лувсан, Б.Шаравтарды атауға болады.

1921 жылы “Судар бичгийн хүрээлэн”(ғылыми орталық)-ты орнатуы Моңғолияда ғылымды дамытудың алғашқы бастамасы, ғылыми орталықтың негізі болды.

Ұлы қолбасшы Д.Сүхбаатардың бастамасымен 1921 жылы 10-айдың ортасында әскери басшыларды дайындайтын мектеп орнатып орта маманды әскери басшыларды дайындай бастаған. 1923 жылдан бастап аталмыш оқу орнының оқу мерзімін 3 жылға ұзартқан. 1921 жылы 12-айдың 10-ында телефон, электр мамандарын дайындайтын, 1922 жылы 3 айдың 25-інде әскери министрлік жанында қатынас, байланыс мектебін орнатқан. [6.б.81.]

Білім саласында кадрлар дайындау талабы 1922 жылы мұғалімдер дайындау, қайталап оқыту бағытында уақытша курс, оқытулар жүргізіп, мұғалімнен басқа дасауда, экономика мамандығымен кадрлар дайындай бастаған. 1923 жылы 4 айлық уақытша курс (студенттер мектебі), (1928 жылдан Мұғалімдер мектебі болып статусы өзгерген) орнаған. 1922 жылдан Совет елінде кадрлер дайындау жұмысы басталып, осы жылы Совет елінде оқуға алғашқы 15 қыз, ұлдар аттанған.

Мал дәрігер ұйымы орнағанына байланысты мал дәрігерлерін дайындайтын мәселе туындады. Сондықтан да 1924 жылы Сонгинда 3 жылдық мал дәрігерлерін дайындау мектебін орнатқан.

1924 жылы 3 айдың 1-інде Моңғол халық революциялық партиясының Орталық комитетінің жанында 60 оқушымен бір айлық партия мектебін орнатқан. Бұл елімізде басшылық ұйым кадрларын дайындайтын бірден бір ұйым болды. Аталмыш мектепті 1925 жылы 4-айдың 28-інде Партияның орталық мектебі болып өзгертіп оқыту уақытын созып 1926 жылдан бастап жарты жыл, 1927 жылдан 3 жыл болдырып сабақтестеген.

1925 жылдан финанс, есепші мамандығы бойынша мамандар даярлайтын 2 жылдық мерзімдік оқыту 1925-1930 жылы есепші, шикізат, аң терілері мамандары сияқты 400-ден астам адамдарды дайындаған.

1924 жылдан бастап Ленинград қаласының Шығыстану шет елдік мектебіне 20 адамды жіберіп оқытқан. Және де 1925 жылы Мұғалімдер мектебінде 15, 1926 жылы аудармашылар мектебінде 20, сауда мектебінде 8, есепшілер мектебінде 5, дайындық курсына 159 оқушыларды жіберіп оқытқан. [7.б.115.] 1930-шы жылдардың басынан Эрхүү қаласы университетінің жанында Моңғолияның кадрлерін дайындайтын 2 жылдық курс, Улаан-Үдэ қаласында орнаған “Монголрабфак”, Хиагт қаласының Мұғалімдер мектебінде моңғол мұғалімдерді дайындайтын курстарды ашып оқытқан. Эрхүүде Моңғолиядан барып оқушылар 1925 жылы 7 болса, 1933 жылы 81-ге жеткен. Улаан-Үдэ-нің Моңғолрабфақы моңғол оқушыларын дайындайтын ең үлкен оқу орны болды. Мұнда 1930 жылы 168 адам болса, 1940 жылы 199 адам оқыған.

МХРП-ның III съезінен: “Маманды кадрларды дайындау үшін шет елдерге таңдамалы азаматтарды жіберіп оқыту керек” [8.б.227.] деп көрсетуі бойынша Москва, Ленинград, Эрхүү, Улаан-Үдэ қалаларында жаңа заман кадрларын даярлай бастаған. Совет елінде ұлттық кадрларды дайындаған басты оқу Москва қаласындағы Шығыстану коммунист Университеті (КУТВ) болды. Осы оқу орнында оқуға 1921 жылы 8-айда партия, үкімет кадрларынан 10 адам жіберіліп оқыған. 1923-1924 жылдан бастап моңғол жастарын Совет елі, Германия, Францияда дайындай бастады. 1924 жылы 18 оқушыны Совет еліне, 1926 жылы 30-дай студентті Германияға жіберіп оқытқан.

Заманауи денсаулық сақтау саласының кадрларын дайындау жұмысы 1926 жылы 25 адамнан құралған уақытша оқытумен басталып, алғашқы дәрігер, дәрбикелерді дайындау дашет елі маманы Воронцов, Гуденцовтардың атқарған ролі зор. [9.б.46.] Денсаулық сақтау саласының алғашқы интеллигенттері Д.Рэгзэн, Цэвэлмаа, Шархүү, С.Равжав, Д.Батцэнгэл, Гаждималар еді.

Осы кездегі тағы бір мақсат бойынша 1924 жылы 6-айда Финанс министрлігінің жанында кеден есепшісінің 3 айлық курсы ашып 1929 жылы

5-айдың 17-інде 2 жылдық мектеп болдырып өзгерткен. Келешекте аталмыш оқу орны 1935 жылы Финанс техникумы болып өзгертілген. Мұныңішінде финанс банк, сауда, өндіріс, транспорт салаларының мамандарын да дайындай бастаған.

1925 жылы студенттер мектебін мұғалімдер даярлайтын 3 жылдық оқу орны болдырып өзгерткен. Аталмыш оқу орнын 1922 жылы 8 адам, 1940 жылы 102 адам бітірген. 1930-шы жылдардың басында Эрхүүдің адам дәрігерірабфақында 14 адам, адам дәрігері техникумының дайындық курсында 18 адам оқыған. Мұны 1931 жылдан “Кооператив мектебі” деп атап сауданың сыртғындақыр шаруашылығыныңәр түрлі маман кадрларын дайындай бастаған. Және де 1938 жылдан сауда, транспорт министрлігінің жанында “Сауда техникумы” болып 340 оқушы, 10 мұғаліммен орнап іс қызмет жүргізе бастаған. Осының нәтижесінде 1939 жылы сауда ұйымы мамандарының барлық қызметкерлерінің 97,7 пайызы ұлттық кадрлар болып толықталған.[10.б.41.]

1928 жылы алғаш рет малдың кіші дәрігерлігі мамандығы бойынша 12 адам тауысып шыққан. 1929 жылдан мұны 4 жылдық болдырып кеңейтіп Ресейден мұғалімдер келіп дәріс берсе, соңында қыр шаруашылық техникумы болып өзгерген. Осының нәтижесінде 1940 жылы мал дәрігер мамандарының саны 18,6 есе артып, малдың кіші дәрігерлерінің саны 109-ға жеткен.[10.б.75.]

Моңғолия әдебиетсаласы интеллигенттерінің негізі 1920-1930 -шы жылдары қаланып 1930 жылдан Моңғолияның революциялық әдебиеті жазушыларының одағы құрылған. Осы кездегі жазушы өкілдерінен біз Д.Нацагдорж, Ц.Дамдинсүрэн, С.Буяннэмэх, Д.Цэвэгмид, Ц.Цэдэнжав, Т.Нацагдорж, Б.Рэнчин, Д.Чимэд, Г.Сэр-од, Ө.Чимэд, Х.Пэрлээ, П.Хорлоо, Д.Сэнгээ, С.Дашдэндэв, Д.Даржааларды атауға болады. Моңғол елінде жаңа заман интеллигенттерін дайындауда Совет елі көп міндет атқарған. Нақтап айтсақ Эрхүү университетінің педогоикалық факультетінің жанында моңғолдардың 2 жылдық курсы, Буриад мұғалімдер институтының жанында Моңғол жұмысшыларының факультеті, Хиагтмұғалімдер техникумының Моңғол тобы, Ленинградтың Шығыстану институтіндегі моңғол секторы көптеген кадрларды дайындап шығарған. [11.б.179.] Және де Совет елінде оқушылардың саны жылдан жылға артып1937 жылы 314, 1940 жыл дегенде 739-ға жеткен.

1934 жылы Ленинградтың Шығыстану институтінде білім алған ұлттық интеллигенттер болған алғашқы медсестра, дәрбикелер тауысып келген. 1934 жылы аталмыш техникумда оқитындардың саны 80 болса 1940 жылы 239, 1941 жылы 300 болған. 1934-1940 жылы аталмыш оқу орнын бітірушілер барлығы 135-ке жеткен. 1939 жылғы жағдаймен денсаулық сақтау саласының орта маманды кадрлер саны 650 болса 1940 жылы 741 болған. 1934-1936 жылы Совет елінен алғаш

тауысып келген жоғары маманды кадр Ленинградтың әскери аурухана академиясын тауысқан Ш.Шагдар, Л.Дэндэв, Ш.Сүхдамба, Д.Тойвгоо, З.Дугар, Л.Дагзма, В.Ичинхорлоо, Т.Шагдарсүрэн, Д.Тамжид, В.Гонгоржавтар болды.

Ел көлемінде мәдени ұйымдар саны молаюуына байланысты 1932 жылы 11-айдың 11-інде Мемлекеттік кішіқұрылтай, Министрлер кеңесінен театрдаактёр, музыкант, суретшілер мектебін ашу туралы шешімдер шығарып 1935 жылы 5-ші айдың 1-інде 4 айлық кино пьесса, көркемдік жетекшілер және ұлттықәншілер, музыканттардың уақытша курсын ашқан. 1935 жылы МХРП-ның ОК-нің президиумы “Актёр, режиссор, музыкант, әншілер сияқтыөнер қызметкерлерін дайындайтын театрдың арнайы мектебін 30-дан төмен емес адамдармен ашып, театр техникумы болдырып кеңейтуге көңіл бөлу”-ді [12.б.10.] тапсырған. Осы бойынша 1937 жылы 9-шы айдың 1-інде 40 оқушымен театр мектебін орнатқан. Өнер, мәдени саласының алғашқы интеллигенция өкілдері М.Дугаржав, Ц.Төмөр, Ж.Дорждагва, Ц.Цагаан, Д.Цэрэндулам, З.Цэндээхүү, Ч.Цэвээн, Б.Жадамбаа, Ё.Шаравдоо, Б.Чимэд-Осор, С.Гэндэн, Д.Мижиддорж, Ч.Долгорсүрэн, Л.Маам, Д.Ичинхорлоо, Д.Ишдулам, Ө.Лувсан, С.Базаррагчаа, Ж.Чулуун, Ц.Намсарайжав, кобызшы Д.Түдэв, Л.Цэрэндорж, театр өнерін дамытуға көптеген үлес қосқан Л.Намхайцэрэн, Л.Гаваа, алғашқы жоғары маманды композитор С.Гончигсумлаа, Л.Мөрдорж, Б.Дамдинсүрэн, Э.Чойдог, музыка жетекшісі Г.Цэрэндорж, Ц.Намсарайжав, хормейстер Д.Мясүрэн, Д.Лувсаншарав, Т.Дарамзагд, Т.Чимиддорж, әнші А.Загдсүрэн, Ц.ПүрэвдоржХайдаварболды.

1937 жылы 11-ші айдың 15-індегі жиналыстан Партияның орталық комитетінің президиум жиналысынан көптеген жазушыларды “Халық жауы” деп атап “еңбектерін тізімге алып, бұдан ары керектенуге тыйым салып, жою” туралы шешімін шығарып комисс орнатқан. Бұл комиссияның шешімімен 1920-1930-шы жылдары басылып шыққан О.Жамьян, Ж.Цэвээн, С.Шагж, Ч.Дашням, С.Буяннэмэх, Б.Ренчин, Х.Пэрлээ, Ч.Баточир, Б.Дугаржав, Б.Ишдорж, Ц.Дамдинсүрэн, Д.Чимэд сындыжаңадан туып шыққан интеллигенттердің шығарған 140 кітабын жою, жинап алу шешімін шығарған.[14.б.188.]

МХР-нда өндіріс-транспорт, байланыс дамып жаңа техника пайда болуына байланысты 1938 жылы Улаанбаатарқаласына өндірістің арнайы оқу орнын ашып кешікпей ақ өндіріс техникумы болғызып өзгерткен. 1939 жылы байланыс мектебін 4 жылдық мерзім мен,75 оқушымен техникум болғызып орнатқан.

Б.Лигүүн өз еңбегінде 1940 жылғы жағдаймен 400-денастам мұғалім, 1500-денастам денсаулық сақтау қызметкері, 1000-дай мал дәрігері, агрономдар жұмыстап тұрған болса 1970 жылы 60 мыңдай жоғары, арнайы оқу орнын бітірген интеллигенттер дайындалғандығы туралы жазылған.

1940 жылғы жағдаймен интеллигенттердің жалпы деңгейін алып көргенде олардың ішінде жоғары сатылы білімді мамандардың саны өте аз, керісінше орта, арнайы оқу орнын бітірушілердің саны көп болды. Сондықтан да МХРП-ның X съезінен жоғары білімді интеллигенттердің санын көбейту туралы шыққан шешімді негіздеп 1940 жылы мұғалімдердің 2 жылдық жоғарғы мектебі, 1941 жылы Партия кадрлер дайындайтын жоғарғы мектебі, 1942 жылы Моңғолия ұлттық университеті, 1946 жылы мұғалімдердің дайындайтын кешкі жоғарғы мектебі, 1951 жылы Мемлекеттік мұғалімдер жоғарғы мектебін орнатқан. Және де оның сыртында Қыр шаруашылығы, Медицина, Экономика, Спортжоғарғы мектебін орнатудың нәтижесінде 1952 жылы 4 жоғарғы мектеп, 2143 студент оқыған болса 1964-1965 оқу жылында 8 жоғарғы мектебі, 11 мыңдай студенттер оқитын болған. Онымен қатар арнайы 18 оқу орнында 9700 адам оқитын болды. Осы жылғы есеппен еліміздің 10 мың адамының 1677-сі қандай бір мектепте, нақтап айтсақ 104 жоғарғы оқу орнында, 91 адам арнайы оқу орнында, 1482 адам жалпы білім беретін мектептерде оқитын болған. Тек 1960-1964-ші 4 жылда жоғарғы, арнайы оқу орындары әр түрлі мамандық бойынша 11 мың интеллигент, кадрларды дайындап берген.[15.б.485.]

Үкімет орнынан 1940-шы жылы маманды интеллигенттердің қажеттілігінің молаюына байланысты жоғарғы оқу орындарын қосумен қатар жоғарғы оқу орындарында оқушыларға жалақы төлеу туралы шешім қабылдаған. Және де 1940 жылы Улаан баатар қаласының мұғалімдер мектебінің жанында орта мектеп мұғалімдерін дайындайтын 2 жылдық факультет орнатып, 1941 жылы партия, үкіметтің орталық мектебін МХРП-ның ОК-нің жанындағы партияның жаңа кадрлар дайындайтын жоғарғы мектебі болдырып өзгерткен.

1940 жылға дейін медицина саласының кадрларын дайындайтын жалғыз оқу орны медицина техникум болған болса 1940 жылы 12-айдың 6-нда МХР-ның Министрлер кеңесінен қаулы қабылдап 1942 жылы 12-айдың 5-інде Моңғолия ұлттық университетін зоотехник, мал дәрігері, медицина, мұғалім деген 3 бағыт, 90-дай студентпен ашып, дайындық курсына 57 студент ілесіп, одан 1946 жылы алғашқы жоғарғы білімді 35 кадр дайындалып шыққан. 1951 жылы Архангай, Чойбалсан аймақтарында мұғалімдер мектебін орнатқан. 1948-1949 жылдары алдыңғы 5 жылмен салыстырғанда арнайы оқу орнын бітірушілер саны 50 пайыз, жоғарғы оқу орнын бітірушілер саны 2 есе артқан. [16.б.21.] Тек 1940-1960 жылдар арасында Совет елі біздің елімізге жоғарғы, арнайы орта мектеп бітірген 2,2 мың маман дайындап берген. Жоғарғы, арнайы орта мектепте оқитындардың саны 1940 жылы 1,5 мың болса 1960 жылы 15,7 мың болып 10 есе артқан. [17.б.132.] Егер 1940 жылы бізде 10 мың адамнан жоғарғы, арнайы орта мектепте 20 оқитын болса 1957 жылы 52, 1960 жылы 165 болған.

1940 жылы 8-айдың 2-інде цирк мектебін орнатқан. Моңғолияда цирк өнерін дамытуда еңбек сіңірген артис Ж.Раднаабазар, Л.Нацаг, Ж.Данзан, Л.Мөрдорж, У.Цэрэндорж, Латифтер болды.

1940 жылғы жағдаймен.

Кесте-1

Білім деңгейі	Білім игерген адам саны	Білім игерген адамдардың пайызы
Жоғарғы білімді	557	2,3
Арнайы орта білімді	2229	8,9

1942 жылғы жағдаймен барлық адамның 92,8 пайызы малшылар, 3 пайызы жұмысшылар, 4,2 пайызын интеллигенттер иеленетін болған.[18.б.18.]

МХР-ның Министрлер кеңесінен 1954-1956 жылы қыр шаруашылығы саласының жоғарғы, арнайы орта мектеп бітірген мамандарының санын арттыру туралы қойған мақсаты бойынша 37 мамандықпен 9 мыңдай кадрлар дайындалған.

Өндіріс саласының инженер техниктерінің саны 1940 жылмен салыстырғанда 1948 жылға дейін 205 есе артқан болса қыр шаруашылығының әр түрлі мамандарының жоғарғы білімді интеллигенттер саны 1961-1964 жылдары 726, арнайы орта білімді интеллигенттер саны 1888 адамға жеткен.

Ғылыми салада 1945-1960 жылдарда атакқорғаған адамдардың 90 пайызы Совет елінде дайындалған адамдар болған. Және де 1960 жылы үкімет көлеміндегі 5 доктор, 95 кандидаттардың көбі қыр шаруашылығы, қоғамтану саласының ғалымдары болды. 1970-1980 жылдарда ғылыми орталықтың ғылыми қызметкерлерін көбінесе іш, сырттың жоғарғы оқу орындарын өте жақсы бітірген ғылыми білімге құштар жастарды аспирантура, докторантурада оқытып дайындаған. 1961-1981 жылдар арасында жоғары оқу орындары мен жалғасу арқылы дайындаған 370 адамның 264-ін Совет елінің жоғарғы оқу орындарында, 79-ын аспирантура, 27-ын докторантурада дайындаған. Осының арқасында Академиясы, ғылыми зерттеу орталықтарында 1975 жылы 25 доктор, 90 кандидаттар жұмыстап тұрса, 1980 жылы 34 доктор, 140 кандидатпен қосылған.

Бірақ біз интеллигент дайындау ісі тура жолмен ешбір кедергі, қайшылықсыз дамып келді деуге тағы болмайды. Ғылыми интеллигенттерді неше қайта үкіметке қарсы жұмыстаған, еліміздің дамысына керісерін тигізген деп қыспаққа алған жайлар болды. Мысалы 1964-ші жылғы МХРП-ның ОК-нің Y конференциясынан Ю.Цэдэнбал және оның сыбайластарын сынағаны үшін 60-тай адамды үкіметке қарсы деп “Сэхээтний төөрөгдөл” (Интеллигенттердің адасуы) деген желеумен қудалаған. Бұл жағдай 1970-ші жылдың ортасына дейін жалғасып Б.Чадраа, Т.Балдан сынды интеллигенттер де ақтаңдаққа ұшыраған.

1985 жылғы жағдаймен жалпы білім беретін мектептерде жұмыстайтын 2200 мұғалімнің 65,6

пайызы, мәдениет, өнер саласының 59,7 пайызы, ғылым саласының қызметкерлерінің 37,1 пайызын әйелдер иеленетін болды. [19.б.137.]

1989 жылы 1963 жылмен салыстырғанда жоғарғы білімді адамдардың саны 8,5 есе артып 7,9 пайыз, (Бұл көрсеткіш 1963 жылы 4,77%), арнайы орта білімді азаматтардың саны 7,75 есе өсіп 8,91% (Бұл көрсеткіш 1969 жылы 5,45) болған. [20.б.195.]

Жоғарғы, арнайы орта мектеп бітірушілердің мамандарының көрсеткіші (Мың. адам) Кесте-3

Жыл	Барлығы	Өндіріс, құрылыс, транспорт	Қыр шаруашылығы	Экономика, құқық	Медицина	Өнер, мәдениет	Басқа
1960	1,1	0,2	0,13	0,31	0,13	0,37	-
1970	1,8	0,4	0,2	0,3	0,2	0,7	-
1980	3,0	1,0	0,3	0,5	0,3	0,7	0,2
1985	5,0	1,5	0,5	0,8	0,4	1,6	0,2

Мектеп, мұғалім, оқушылардың саны Кесте-4

Жыл	Мектеп Барлығы	Бастауыш мектеп	7,8 жылдық мектеп	10 жылдық мектеп	Мұғалімдер Барлығы	Оқушылар барлығы/мың
1940	4	4	-	-	31	0,6
1945	14	12	2	-	63	1,5
1950	26	24	1	1	194	5,6
1955	20	16	2	2	173	4,8
1960	25	20	2	2	236	6,0
1965	26	17	5	2	346	8,0
1970	28	13	13	2	457	12,0
1975	28	12	14	2	568	14,4
1979	25	9	13	3	703	17,2

Моңғолия өнер саласының интеллигенциясының қалыптасуына үлкен үлес қосқан алғашқылары Ц.Цэгмид, Н.Цэгмид, Т.Хандсүрэн, Г.Гомбосүрэн, Ё.Шаравдоо, Д.Цэрэндулам, Ч.Долгорсүрэн, А.Цэрэндэндэв, Ч.Цэвээн болса, кино өнерінің алғашқы интеллигенттері Д.Жигжид, кино оператор С.Дэмбэрэл, кино режиссор С.Лувсанжамц, М.Болд, Эрдэнэ, Гомбосүрэндерден бастау алады. Кино өнерінің музыка саласында дайындалған интеллигенттер С.Гончигсумлаа, Л.Мөрдорж, Б.Дамдинсүрэн, Э.Чойдог, Ц.Намсрайжав, Д.Лувсаншарав болды. [21.б.142.]

Моңғолияда сурет өнерін дамытуда алғашқы суретші Б.Шарав, О.Цэвэгжав, Н.Чүлтэм, Л.Намхайцэрэн, Л.Гаваа, Д.Гүрдорж, Ц.Доржпалам, Ү.Ядамсүрэн, Н.Жамбаа, Д.Маньбадар, Д.Лувсанжамц, Д.Гомбожав, Л.Норолхоо, Д.Гэвшээхүү, Д.Чойдог, В.Одгийв, Г.Одон, Амгалан, Сэнгэцохио, М.Лувсаннамжил, Д.Дамдинсүрэн, тігінші Т.Дулмаа, мүсінші Жигжид, Д.Чоймбол, Гүрдорж, Н.Жамбаа, А.Даваацэрэн, Д.Дандийнаа, С.Дамдинжав болды.

Их эмч нарын тоо

Хүснэгт-5

Онууд	Их эмч	Нэг эмчид ноогдох хүн
1940	1	33,3
1955	5	7760
1960	28	1896
1965	28	1896
1970	45	1335
1975	63	1090
1979	80	890

1990 жылғы зерттеулерге анализ жасағанда көбінесе интеллигенттердің балалары интеллигент болатыны көптеп кезігеді. Мысалы доктор С.Мартаның интеллигенттердің әлеуметтік тегіне жасаған зерттеуіне қарағанда 1990-шы жылғы жағдаймен барлық интеллигенттердің 59,9 пайызы интеллигент текті, 25,8 пайызы малшы балалары, 10,9 пайызы жұмысшы балалары болған.

Жалпысынан уақыт талабына сай 1920-шы жылдарда моллалар, 1930-шы жылдарда мұғалім, дәрігерлер, 1940-шы жылдарда әскери қолбасшылар, 1950-1970-шы жылдарда қыр шаруашылығы, өндіріс саласының интеллигенттері, 1980-ші жылдарда инженерлер, 1990-шы жылдардан заңгер, экономистер қоғамда басты орынға ие болған.

Қорытынды:

Моңғолия ұлттық интеллигенттері 1921 жылғы ұлттық демократиялық революциядан кейін үкімет тарапынан ерекше көңіл бөліп арнайы мақсат қойып дайындау арқылы қалыптасқан. Ұлттық интеллигенттерді дайындауда көршілес Совет елі ерекше үлес қосқан.

Интеллигенттерді жалпысынан елімізде уақытша оқытулар ұйымдастыру, курс ашу, арнайы және жоғарғы оқу орнын ашу арқылы дайындаған. Әрқашан да заман талабына сай әр салалық оқу орындарын ашу, іш сыртта жоғарғы оқу орындарында оқыту арқылы дайындаудың нәтижесінде ұлттық интеллигенттер 1940-шы жылдардан жеке әлеуметтік топ болып қалыптасқан. Ұлттық интеллигенттерді дайындау ісі осы елдегі ұлт өкілі болған қазақ халқы үшін де біркелкі шешіліп отырған.

1940-шы жылдардан ұлттық интеллигенцияны дайындау үшін арнайы және жоғары оқу орындары көптеп орнаған. Осының нәтижесінде 1940-1960 жылдары Моңғол үкіметі ұлттық кадрлармен толық қанымдалып біткен.

Пайдаланған әдебиеттер:

1. Х.Гүндсамбуу. Монголын нийгмийн давхраажил, хөгжил, хандлага УБ.,2002.
2. Б.Лигүү. Монгол Ардын хувьсгал ба шинэ сэхээтэн. УБ.,1971.
3. Ч.Сэрээтэр, Х.Цэрэв, Б.Чадраа. Монгол улсын Шинжлэх ухааны Академийн түүх. УБ.,2002.
4. “Шинэ толь хэмээх бичиг” УБ., 1914. №7.
5. С.Марта. XX зууны Монголын нийгмийн бүтцийн өөрчлөлт, төлөвшлийн түүхэн асуудлууд. УБ.,2002.
6. МАА-50 жилд. УБ.,1951.
7. УИХ-ын сонин. II дэвтэр. УБ.,1924.

8. МАХН-ын III их хурал. УБ.,1966.
9. Б.Лигүү. Монгол Ардын хувьсгал ба шинэ сэхээтэн. УБ.,1971.
10. Улсын YIII их хурал. Засгийн газрын тайлан илтгэл. УБ., 1940.
11. МАХН-ын X их хурал. УБ., 1970.
12. Д.Өлзийсайхан. Монголын үндэсний сэхээтэн: Үүсэл хөгжил, зүй тогтол, хувь тавилан. УБ.,2005.
13. НТХ-ны тэргүүлэгчдийн хурлын тогтоол. УБ.,1937.
14. Ч.Дашдаваа, Ж.Болдбаатар, Ц.Гантулга, Д.Өлзийбаяр. Монгол Ардын намын түүх. (1929-1939) III боть. УБ., 2011.
15. БНМАУ-ын түүх. УБ.,1966.
16. Сурган хүмүүжүүлэгч. УБ.,1961. №3.
17. БНМАУ-ын УААА. Статистикийн эмхэтгэл. УБ.,1981.
18. Н.Хишигт, С.Чулуун, Да.Эрдэнэбат. Монгол Ардын намын түүх. (1940-1945). УБ., 2011.
19. Олон Улсын Монголч эрдэмтний Y их хурал. I дэвтэр. УБ., 1992.
20. З.Баасанжав. Монгол Ардын намын түүх. Боть YII. УБ.,
21. Ж.Болдбаатар, Д.Дашдулам. Монгол Ардын намын түүх. (1954-1965). YI боть.

Рецензент: к.филос.н. Жапаров Д.